

Технологиялық компаниялар мен жасанды интеллектке қатысты оң күтулер америкалық индекстерге қолдау көрсетті...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	7 406	▲ 0,30%	▲ 8,0%
NASDAQ	25 930	▲ 0,86%	▲ 11,6%
DJIA	50 786	▼ -0,16%	▲ 5,0%
CBOE Volatility Index (VIX)	19	▼ -12,04%	▲ 30,4%
Еуропа			
FTSE 100	10 373	▲ 0,05%	▲ 4,2%
DAX	2 110	▼ -0,57%	▲ 23,7%
Азия			
Hang Seng	24 657	▼ -1,22%	▼ -6,4%
Nikkei 225	65 150	▼ -2,16%	▲ 25,7%
Shanghai SE	3 959	▼ -1,70%	▼ -1,6%
Қазақстан			
KASE	7 730	▼ -0,70%	▲ 8,5%

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Information Technology	23 801 823 003 245	▲ 1,4%	▲ 6,7%	▲ 170,4%
Communication Services	11 659 350 431 040	▼ -0,1%	▼ -3,1%	▲ 42,7%
Financials	8 059 370 897 701	▼ -0,8%	▲ 0,3%	▲ 4,8%
Consumer Discretionary	6 611 235 012 554	▼ -0,2%	▲ 2,6%	▲ 7,6%
Industrials	5 486 347 764 046	▼ -0,3%	▲ 0,4%	▲ 22,3%
Health Care	5 711 055 852 917	▼ -0,4%	▲ 4,8%	▲ 7,2%
Consumer Staples	3 508 854 666 774	▼ -0,4%	▲ 0,4%	▲ 1,3%
Energy	1 515 149 888 101	▲ 1,3%	▲ 1,2%	▲ 45,9%
Utilities	1 369 682 052 012	▼ -1,9%	▼ -2,2%	▲ 9,3%
Materials	1 171 537 401 172	▼ -1,5%	▼ -5,1%	▲ 20,0%
Real Estate	1 112 987 030 148	▼ -1,1%	▲ 0,9%	▲ 3,3%


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Қазақстан Халық Банкі	377	▼ -0,8%	▲ 1,3%
Банк ЦентрКредит	4 662	▲ 1,5%	▼ -1,4%
Kcell	3 226	▼ -1,0%	▼ -4,6%
"Қазатомпром" ҰАҚ	35 642	▼ -3,1%	▲ 21,0%
КазТрансОйл	1 135	▲ 0,7%	▲ 17,6%
KEGOC	1 436	▼ -0,3%	▼ -7,4%
Kaspi.kz	41 230	▼ -2,6%	▲ 1,6%
"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы	32 199	▲ 1,25%	▲ 46,9%
Эйр Астана	656	▼ -0,3%	▼ -42,6%
Қазақтелеком	40 845	▼ -0,4%	▼ -7,1%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	485,46	▼ -0,1%	▼ -4,2%
RUB/KZT	6,19	▲ 0,0%	▼ -3,3%
CNY/RUB	10,35	▼ -0,1%	▼ -5,8%
EUR/USD	1,1534	▲ 0,1%	▼ -1,6%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні АҚШ қор нарығындағы сауда негізгі индекстердің әртүрлі бағытта қозғалуымен аяқталды: S&P 500 индексі 0,30%-ға өсіп, 7 405,73 тармаққа жетті, Nasdaq Composite 0,86%-ға көтеріліп, 25 929,66 тармақты құрады, ал Dow Jones Industrial Average 0,16%-ға төмендеп, 50 786,01 тармаққа дейін түсті. S&P 500 индексінің 11 сектордың 9-ы сауда барысында төмендеу көрсетті. Ең әлсіз нәтижелер Utilities (-1,9%), Materials (-1,5%) және Real Estate (-1,1%) секторларында байқалды. Ал өсім Information Technology (+1,4%) және Energy (+1,3%) секторларында тіркелді.

Нарыққа негізгі қолдауды технологиялық сектор мен жартылай өткізгіш өндіруші компаниялардың акциялары көрсетті, себебі инвесторлар өткен аптаның соңындағы айтарлықтай сатылымнан кейін котировкалардың төмендеуін пайдаланды. Корпоративтік жаңалықтар аясында инвесторлардың назары технологиялық компанияларға аударды. Apple акциялары 1,9%-ға төмендеді, Siri дауыстық көмекшісі үшін жасанды интеллекттің жаңа функциялары таныстырылғанына қарамастан. Нарық, мүмкін, бұдан да ауқымды жаңалықтарды күтті, бұл компания жаңартуларына оң реакцияның шектелуіне әкелді.

Ал Intel акциялары ең үлкен өсім көрсеткендердің бірі болды, бағасы 11,2%-ға қымбаттады. Бағаға The Information басылымының ақпараты қолдау көрсетті, оған сәйкес Google 2028 жылы жеткізіліммен 3 млн-нан астам тензорлық процессор өндіруге тапсырыс берген.


Marvell Technology акциялары да айтарлықтай өсім көрсетіп, 9,6%-ға артты. Инвесторлар компанияның S&P 500 индексіне қосылатыны туралы жаңалықты оң қабылдады, бұл өзгеріс 22 маусым саудасы басталғанға дейін күшіне енуі тиіс.

Нарық қатысушыларының ерекше назарында алдағы жұмаға жоспарланған SpaceX акцияларының алғашқы орналастырылымы (IPO) тұр. Бұл IPO технологиялық сектор мен инновациялық компанияларға қатысты оптимизм сақталған жағдайда АҚШ қор нарығы үшін маңызды сынақ ретінде қарастырылуда.

Инвесторлар сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы ірі компанияларға қатысты жаңалықтарды бағалады. ChatGPT әзірлеушісі OpenAI компаниясы алғашқы жария акция орналастыруға (IPO) қатысты құпия құжаттар тапсырғанын хабарлады. Бұл қадам оның негізгі бәсекелесі Anthropic компаниясының да осындай әрекет жасағанынан кейін бір аптадан соң орын алды. Соңғы бағалауларға сәйкес, OpenAI-дың биржаға шыққаннан кейінгі нарықтық құны 852 млрд доллар деңгейіне жетуі мүмкін. Дегенмен компания басшылығы IPO уақыты бойынша түпкілікті шешім қабылданбағанын атап өтті. OpenAI өкілдері жеке компания мәртебесі стратегиялық міндеттерді іске асыруда көбірек икемділік беретінін, сондықтан ашық нарыққа шығу кейінге қалдырылуы мүмкін екенін айтты.

Қосымша оң фактор ретінде Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленістің төмендеуі тіркелді. Нарық қатысушылары Иран мен Израиль арасындағы өзара соққылардың тоқтатылуы туралы хабарламаларды оң қабылдады. Бұл келісім АҚШ президенті Дональд Трамптың әскери қимылдарды дереу тоқтату жөніндегі шақыруынан кейін жасалды. Бір тәуліктен астам уақытқа созылған қақтығыс әуірдегі бітімнен бері екі ел арасындағы ең ірі тікелей қарсыластық болды.

Шикізат нарығында мұнай бағасы Таяу Шығыс аймағындағы жеткізілім тұрақтылығына қатысты дауышушылықтар сақталғандықтан өсуін жалғастырды. WTI маркалы мұнай фьючерстері 0,84%-ға өсіп, барреліне 91,30 доллар деңгейінде жабылды, сессия барысында баға 95 доллардан жоғары көтерілді. Brent маркалы мұнай бағасы 1,25%-ға өсіп, барреліне 94,25 долларды құрады, ал күн ішіндегі ең жоғары мәні 98 доллардан асты.



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2026 ж.